



ИНВЕСТИЦИЯ – ЖҰМЫС КӨЗІ

«КСРО тарап, қиындықта қалған елді экономикалық тығырықтан алып шыққан инвестиция», - дейді экономика саласының маманы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің оқытушысы Марат Сейдахметов.

Маманның пікірінше, мемлекеттің инвестициялық саясатының мәні мен мазмұнын зерттеу әрқашан экономикалық қана емес, тарих ғылымының да басты назарында болған. Инвестиция жалпы елдің экономикалық өсу процесін анықтай отырып, әлеуметтік-экономикалық салаларға, сайып келгенде халықтың әл-ауқатының артуына оңды әсер етеді. Инвестицияның арқасында Шымкентте құрылыс, фармацевтика, ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, тамақ индустриясы, туризм және басқа да салалар қарқынды дамып келеді.

Шетелдік инвестициялардың көмегімен мемлекет экономиканың құрылы-



мын жақсартады, негізгі қорларды жаңартады және кәсіпорындарды техникалық жағынан қайта жарақтандырады. Мамандар мен жұмысшыларды даярлайды, инновациялар енгізеді. Сондықтан тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан ел экономикасына тікелей шетелдік инвестициялар ағынын ынталандыруға бағытталған ашық және ырықтандырылған инвестициялық саясат жүргізіп келеді.

Шымкент – республикалық маңызға ие мегаполис. Қазіргі таңда үшінші қала аумағында 2,3 млрд. АҚШ долларын құрайтын 17 шетелдік инвестициялық жоба іске асырылды. Бұл негізінен Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея, Ресей, Польша, Германия, Өзбекстан елдерінен келген шетелдік инвесторлар. Айта кетелік,

шетелдік капиталдың қатысуымен жүзеге асқан ірі жобаларға «Петро Казахстан Ойл Продактс» ЖШС-інің –Шымкент мұнай өңдеу зауытын қайта жаңғырту жобасы, құрылыс материалдарын өндіру саласында – «Шымкентцемент» АҚ, «Gold Aluminum» ЖШС, фармацевтика саласында – «Химфарм» АҚ, кондиционерлік өнім өндіруде – «Рахат-Шымкент» ЖШС, жеңіл өнеркәсіп саласында – «Бал текстиль», «СП «Lux Shoes» ЖШС, «Умалп» ЖШС, «Кирал Достық» ЖШС, металлургия саласында – «Shymkent Smelting» ЖШС, баламалы күн электр станциясы саласында «Авелар Солар Технолоджи» ЖШС және тағы басқа кәсіпорындар жемісті жұмыс жасауда.

Әнуар ЖҰМАШБАЕВ



Марат СЕЙДАХМЕТОВ,
ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
КАНДИДАТЫ

–Инвесторлар үшін ең маңызды мәселенің бірі – қауіпсіздік пен саяси тұрақтылық. Бейбітшілік, тыныштық пен тұрақтылық жоқ елдің экономикасына ешкім тәуекел етіп миллиардтаған қаржысын құймасы анық. Бұл жағынан алғанда Қазақстан үлкен артықшылыққа ие. Елімізде ұлтаралық бірлік пен конфессияаралық келісім сақталған. Инвесторларды қолдауға арналған ашық саясат пен олардың құқықтарын қорғайтын мықты заңнамалық база бар. Соның арқасында ұлттық экономиканы көтеруге шетелден миллиардтаған доллар инвестиция тартылды. Айталық 1991 жылдан бүгінгі кезге дейін Орта Азияға жалпы сомасы 480 млрд. доллар инвестиция құйылса, соның 380 миллиарды Қазақстанға тиесілі. Қазіргі таңда мұнай саласында Батыстың қаншама алпауыт компаниялары отандық мұнай өндіруші ұйымдармен бірлесіп жұмыс атқаруда. Сол секілді құрылыс саласында Оңтүстік Корея, Түркия сияқты елдердің компаниялары өз инвестициясын әкеліп жатыр.

Жалпы, Шымкент қаласы – қазіргі таңда республиканың ірі өнеркәсіптік орталықтарының бірі. Бүгінде өнеркәсіп саласында 689 кәсіпорын белсенді жұмыс жасауда, оның 24-і ірі, 49-ы орта кәсіпорын. Кәсіпорын қызметінің тұрақтылығы, көпсалалы өндіріске бағытталуы, өндіріс көлемінің өсуі, сондай-ақ, шығарылатын өнім сапасының жоғарылауы және оның бәсекеге қабілеттілігінің жақсаруы, бүгінгі күндегі талаптарға жауап бере алуы, қала экономикасының өсуіне кепіл боп отыр.

Инвестицияның нәтижесінде 30 жылда жеткен табыстар жөнінде тағы айтар болсақ, егемендіктің алғашқы жылдары қала бюджетінің көлемі 1 млрд. теңгемен толса, бүгінде 450 млрд. теңгеден асып отыр. Өнеркәсіп өнімі 10 млрд. теңге көлемінде өндірілсе, қазіргі таңда 654 млрд теңгенің өнімі шығарылуда. Республика бойынша мақта майының - 96,1 пайызы, дайын шыныдан жасалған бұйымдардың - 67 пайызы, бензиннің - 49 пайызы, дизель отынының - 30,2 пайызы, цемент клинкерлерінің - 30,9 пайызы, портландцементтің - 29,5 пайызы, дәрілік препараттардың - 41,4 пайызы, қайта өңделген шай және кофенің - 22 пайызы, макарон өнімдерінің - 19,6 пайызы және көміртегі диоксидінің 66,5 пайызы Шымкентте өндіріледі.

Шаһарда 718 га
құрайтын

ТОП-10 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА

Шымкентте 2021-2025 жылдарда іске асырылатын
ТОП-10 инвестициялық жоба: